





**Тұрсын  
ЖҰРТБАЙ**

**ҚАР  
АСТЫНДАҒЫ  
КӨБЕЛЕК**

Роман  
Хикая

Алматы  
Қайнар  
2008

**ББК 84 Қаз 7-44**

**Ж 82**

*Қазақстан Республикасы  
Мәдениет жөніне ақпарат министрлігі  
Ақпарат жөніне мұрагат комитетінің бағдарламасы  
бойынша шығарылып отыр*

**Жүртбай Т.**

**Ж 82 Қар астындағы көбелек:** Роман-хикаят, хикаяттар. 2 том. — Алматы: “Қайнар” баспасы, 2008. — 320 бет.

**ISBN 978-601-212-003-5**

Жазушы Тұрсын Жүртбайдың прозалық шығармаларының екінші томына оның «Қар астындағы көбелек» атты үштаған роман-эссе мен «Шилі өзен қамыс-ай...», «Мәлдір көз» атты хикаяттарының басы қосылып, оқырман қауымға ұсынылып отыр. Өзінше ғана кішкентай тағдырга ие, куанышы мен мұны бар балаға тән бакытты да киын ғұмырды басынан кешкен жасөспірімнің өмірге деген құштарлығы, адамдардың арасындағы шуакты жылы сезімдер жастық леппен баяндалады. Кейіпкерлер арасындағы негізгі желілер психологиялық ірімдерге құрылған. Сондай-ақ, жазушының түрлік, стилдік мәнері тұрғысындағы ізденисін де байқатады.

**Ж 4702250201-006  
403(05)-08**

**ББК 84 Қаз 7-44**

**ISBN 978-60**

бай Т., 2008  
“Қайнар” баспасы, 2008

## **ЖУРЕГІМНІҢ ҮСТҮҚ ТА МӨЛДІР ТАМШЫЛАРЫ**

Назарларыңызға ұсынылып отырған бұл туынды - мен үшін ең нысаналы, сонымен қатар, мені көркем шығармамен қоштас-тырған күйікті де сүйікті дүние болып табылады. «Күйіктісі» - үшеуі де кезінде «мұнды», «жетімдікті жырлаған», «шегіртке мен аусыл дегенініз патшаменен бірге құрыған», «отызыншы жылдан кейін сыйбызғы қазакта болмаған», «алпысыншы жылдың аяғында кенес өкіметінде жұт болған жок» және «жазушы да белгісіз адам екен, белгісіз өмірді жазған» (жабық пікірден алынып отыр – Т.Ж.) дёген қорытынды шығарылып, әрқайсы-сы екі реттен баспа терімінен қайтты. Ең соңғы бесінші хикаят болып табылатын «Калампыр» атты тарауды жазып, «қөленкелі мұнды өмірге» сөүле түсіргім келді. Ол амалым да алдыңы «Ұш, маған, ұш, балалығым» мен «Қар астындағы көбелекті» құтқармады. Көркем шындықтан құдерін үзген жазушы өмірлік шындыққа негізделген рет саны бойынша «Жол шетіндегі бала» деп аталатын үшінші, «Беті тілінген тарғыл тас-тар» атты полигондағы сынақты басынан кешкен өспірім тура-лы төртінші хикаятты жазудан бас тартты.

«Сүйікті» және нысаналы болатын себебі, мұнда менің жандүниемнің барлық қасірет-мұнды, қуаныш-сүйінші, ансары, «қар астындағы өмір» сондай бір аңғал (сентиментальді) да қарапайым (натуралистік) шындықпен (ол да әдебиеттің бір жазу тәсілі) қағазға түсіпті. Өзім де сан рет бұл дүниеден бас тартып, жыртып тастағым келгенде де колымды қағып қалған осы «аңғал шындығы» еді.

Шығармашылық тарихы мен психологиясында санқылы түсініп болмайтын құпиялар кездеседі. Мен осы екеуі жалғасын таппаған соң... көркем сөзден көнілім қалды. Басқа дүниеге бет бұрсам өзіме-өзім қылмыс жасайтындей көріне бердім. Ақыры, қаламым сүйп тынды. Отызға толар-толмас жігіттің жазғанын алпыска толар-толмас қақсал оқып шыққанда ...іші шымырлап қоя берді. О, маубастық! Қандай әдемі әрі құпия, ансарлы әлемнен бас тартқан деші. Өзгені былай қойғанда, қазір өзі ұмытып үлгерген қаншама өмір үшкіны алдынан

шықты. Тіпті... аусыл мен қара шегірткенің, 1968-1969 жылғы жүттүң өзін-ақ алайықшы. Ал қазір қолданыста жок үйіткы сөздер қаншама. Ойлана келіп, өзім он жеті жыл (соңғы жеті жылында келісім шартпен) пұшпағын илеген, жазуымды да, жанымды да жақсы түсінетін «Жұлдызға» ұсынуды жөн көріп ем. Ондағы сөз дәмін билетін Куандық Тұменбай мен Темірхан Медетбек: «бұл көзге жас алдыратын нағыз мұнды өмір екен. Көркем шығарма ретінде дербес өмір сұруге қақысы бар» – десті. Сондықтан да өуелі ойластырылған жүйе бойынша осы томға енгіздім және бұл шығармаларды жұрттымың ықыласына ұсынуыма мүмкіндік туғанына көнілім тәп-тәуір жұбанып қалды. «Жол шетіндегі бала» мен «Беті тілінген тарғыл тастар» да, түбінде, өз орнын тауып қаланар деген тілегім бар.

Ал жинаққа енген шағын ғана «Мөлдір қөз» - өзіме сондай ыстық, алғашқы маҳаббатым сияқты алғашқы талпынысым еді. Сол тұстағы «сана ағымымен» өуестенген бөзөкпенің «сана сандалысы». Неге екнін білмеймін, осынау бір шикіөкпе жолдарда менің бір жан бөлшегімнің құпиясы жатқандай көрінді де тұрды. Ал «Көшпелі сауық маймылы» «арандатқыш прозаның» шалығымен қағазға тұскен. Ол кезде мұндай әнгімелердің өмір сұруге құқы жок болатын. Содан кейін барып «Шилі өзен камыс-ай...» жазылған. Бұларда менің жүргегімнің таза өрі ыстық тамшысы бар.

Өз сөзім өзімдікі дегенмен де, өзгелердің де жанын қозғайтын бір «аңғал да қарапайым шындық» бүгінгі күнге керек сияқты боп көрінді де тұрды. Жатырқамай жандарыңызға жақын тартсаныздар екен – деген үмітпен осы жинақты өздерінізге ұсынып отырмын.

Тұрсын.

29.08.2007 жыл



# КАР АСТЫНДАҒЫ КӨБЕЛЕК

Роман-хикаят

## Бірінші бөлім



Ұш, маған, ұш, балалығым



Мен мынау жалған дүниені аз кезгенім жок;  
сондықтан да, адамдардың қай топыракқа кіндік  
каны тамса да, барлық жерде мейірімді, бір-біріне  
жанашып екенін білемін. Бірақ ерте ме, кеш пе жа-  
ның жабығып, жас қөктемнің ісімен коса сенін де  
лебің есіп, өмірің мағынаға ие болуы үшін тамырың-  
ды топыракқа терең батырып, сол араның ағашы-  
мен, жерімен біте араласуың керектігін түсі-  
нерсін.....Шынымен, менің бүкіл балалық дәуренім  
осынау бір-ак қарыс жерде, табалдырық пен күре  
жолдың арасында ғана өткені ме?

*Чезара Павезе.*  
*«Айлы түн және көк шалын».*

...Ауыр ойдан арылып, жанымды жұбатқым келіп тау алқы-  
мындағы қызыл жартастың тұсындағы жалбыз ісі аңқыған  
мөп-мөлдір тас тұманың көзіне бардым. Бұрқылдай шымырла-  
ған кайнарга ұзак қарадым. Мөлдір судың бетінде қою кара  
шашты, қалың мұртты бір бейне діріл қағып өзіме қарап тұр.  
Еңкейе бердім. Мөлдір су бетіме тиді, тағы да енкейіп, басымды  
тұмаға батыра түсіп, көзімді ашсам... Көгілдір су жарық сәуле-  
мен жалт-жұлт ойнап, малта тастар гаунардай жарқырап, мар-  
жан көпіршіктер шашырай жөнелді де, тұманың қайнар  
көзінен әлдебір санлау ашыла кетті. Сөйтсем, мен бір биік жар-  
тастың басында тұр екем деймін... Төменге қарай бір тарам су  
құлай ағады. Бір салт атты адам сарқырамага жанай кеп, жерге  
тұспестен көлденең ұстаған сырықтың басындағы ағаш  
шелектің өуелі біреуін, келесіде екіншісін суға толтырып алды.  
Астындағы құрен жорға да тұнық тұмадан шөлін қандырған  
соң, киыршиқ тасты тұяғымен шақылдата басып, биікке өрлеп  
бара жатты. Жолаушы асуға көтеріліп, аттың тұяғы жонышка-  
лы кең шалғынға ілінді. Салт атты адам сырықтағы қос шелек  
суды шайқай тербелетіп, жазықтың ортасындағы шоқ терек өсken  
қыстауға бет алды.

Бұл – жалбыз иісі аңқыған Қызылтасты бұлактан су алуға келген менің әкем, бұл – менің балалық шағымның елесі. Эне, мөлдір су аялай сипаған малта тастар мен қайнар көзден шыққан ұсақ құмдар тұма ішінде жылт-жылт етеді. Сірә, бастау тұнған қызылды-жасылды маржан болса керек...

Егер жарық дүниенің жалғыз тал сәулесі өшер тұста, кешкен ғұмыр, көрген тіршілігіндегі жұбанышың не деп жанашыр жанынның бірі сұрай калса:

– Балалығым! – дер едім.

Шындығы солай. Тағдыр бесігінде тербетілген өмірімдегі қуаныш-ренішім, бұла дәуренім, өткен-кеткенім мен болашак үмітім жүргімді сыздатса немесе қеудемді сағыныш кернеп, көзімді жұмсам болды – алдынан торғын шымылдықтай үлбіреген көгілдір мұнар ашылып, мені бауырына басып, өзіне қарай тарта жөнеледі. Көкжиектегі көгілдір таудың иығына қонған кіп-кішкентай қызыл күннің соңынан мен де зулаймын. Ұша беремін... Бетімді мейірімді жұмсақ алақан сипағандай болды да, сол әлемнің ішінен маған өте ыстық адамның демі келді. Кішкентай қып-қызыл құн де бұлдырай зулайды, жанжағымнан таныс суреттер зымырай қалып жатады. Эне, ак жаулығының шетімен кірпігінің ұшын сұртіп, жолға ұзак қарап жалғыз әйел тұр... Апырау, анау кейуана – менің шешем фой. Сонау алыстан қара жолды шаңдатып, ак бүйрек тайыншага ертоқым салып, жүгендеп мінген кішкентай қара бала көрінеді... Мына тайыншаны кос өкпеден теуіп, жымылып қойып, қамшы басқан қара қасқаң – менің өзім. Кек шалғынды кеше жорғалаған аттың үстінде жас келіншек келеді. Ол сұлу келіншек арманда өткен Торғын фой. Сарқырамадан құлаған суға шелегін тосқан әкем де көрінді.

Бұл – менің сәби кезім. Құшағымды ашып, жан ұшыра: «Ұшши, ұша тұс, маған балалығым,» – дегім келіп, ұмтыла түсемін... Жанарымды ашқым келмейді.

Жаныма сәл сызат түссе үнемі осындай күй кешемін. Үнемі көз алдымға қызылды-жасылды әлем – балалық шағым өзіме қарай ұшып келе жатады. Мен де зулай қанат қағамын. Бар өмірім артқа сырылып қалады да, сол мұбарак дәуренім алдынан шығады. Келші, кел – балалығым! Сен де мені өзінің кішкентай әлемінен жоғалтып ап, аңсай іздел жүрген шығарсың. Көз ұшында қызыл орамалдай бол бұлдыраған мұбәрәк күндерім, мен де сендерді сағындым. Ол маған енді қайтып барадуға жазбайтын, сонау көгілдір таулардың ар жағында сайран салып жүр ме, кім білсін. Міне, шымылдық тағы да ашылып, ғұмырымның мұбәрәк үзіндісі маған қарай ұшып келеді.

Ұшшы, жақындай тұсші, балалығым. Сенімен соңғы рет ұзак сапар шегіп, еркін саяхаттап, бар сағынышымнан арылып, жа- ныма өшпестей жұбаныш табармын. Мүмкін саған енді қайтып оралмаспын да.

Басымды тұнық тұманың тереңіне батыра тұстім. Алдым- наң ансарлы өлем бейнесі ашыла берді.

## I тарау: ЕЗУДІ ҚАРЫҒАН АУЫЗДЫҚ

### 1

Зады, әлемдегі ешқандай бүлдіршінге өзінің балалық өмірін қалауынша өткізіп, ғұмырындағы ең асыл дәуренін өз еркінше билеуге еркіндік берілмейтіні қандай өкінішті. Онда қаншамағажап оқиғаларды, талай тамаша қызықты, ешкімнің ойна оралмаған хикаяларды бастан кешірер едің. Мысалы, Темірқазықтағы арқандаулы ақ боз арғымақты босатып аласың да, айлы тұнде ақ боз аттың жалынан ұстап айға ұшып барып, жұлдызды моншақтарды тересің. Айдың бетіндегі ақ жал тұлпар ұстаған адаммен сөйлесесің. Содан кейін боз сөулеге мұзы шағылысқан Саршоқының биігіне қонып, күміс шықтары жылтыраған шалғынды кешіп, арғымақтың алтын тағасы ай- сөулесіне жалт-жұлт етіп келе жатасың. Кенет ақ арғымақ жо- нышқаны құрт-құрт шайнап жусай жайылған жылқыларды көріп оқыранады да, тұнық тұнді күмбірлетіп кісінеп жібереді. Ол:

— Аспанда ұзак арқандаулы тұрдым. Күнде сендерді көріп, менің де жайылғым келетін. Міне, мына бала арқаннан босатып алды. Мен енді оның тұлпарымын. Жануар атаулы жетпейтін жүйірікпін. Шапқанда алтын тағам жалт-жұлт етеді. Өзге ешкімге мінгізбеймін. Басқа адам аламын десе, қайтадан аспа- нға ұшып кетемін. Содан кейін мәңгі жерге тұспеймін, — дейді оқыранып.

Мен асқан мейірімділікпен арғымақтың жалын сипап қоямын. Сол сөтте: «Шіркін, көк дөненді тауып алсан ғой», — деген ой жүргімді шашып-ақ алғаны.

Егер сәби ғұмырымның еркіндігі өзімде болса, басқа да та- машаларға қарамастан ең алдымен алтын арғымақты алып ке- лер едім. Өйткені Темірқазық жұлдызына арқандалған Ақбоз атпен, оны аңдыған жеті қарақшы туралы анызды естіген соңғы және қоқдөненен айырылғаннан кейінгі бар қиялым осы бол- ды. Айлы тұнде сыртқа шығамын да аспанға қараймын.

Жұлдыздар жымындаған сайын жеті қарақшы да арғымаққа жақындей түседі. Кенет ақ арғымақ жалы желбіреп, алтын тағалары жылтылдап, аспан әлемін шыр айлана шауып кісінеп береді. Көк күмбезін ақ боз ат айлана шабады. Көз алмай қараймын, мойның ауырғанда барып есімді жиямын да, осының тек киял екеніне өкініп, құрсініп қойып үйге кіремін. Жатқан соң да көз алдында ақбоз аттар шауып жүреді. Әрине, арғымаққа не жетсін. Дегенменде, көк дөненім қасымда болса оны армандаамас-ақ едім ғой.

Міне, осының барлығын ойлағанда ешкіммен ойнағым да келмейді. Жастығымның астында тығулы жатқан бос жүгенді анда-санда ұстап қоямын. Құміс сағалдырығы мен ауыздығығана шың-шың ете қалады. Шешем байғұс жұмсақ алақанымен бетімді сипап, ояу жатканымды, кірпігімнің суланып қалғанын байқап, іштей өкінішті жұмсақ үнмен:

— Баланың обалына қалдық-ау. Көк дөненнен басқа бодауы табылмады ма бұл құрғырдың? Күндіз-түні көк дөнен деп күбірлеп, кияли болып барады. Осы жалғызды құрсіндірмесе қайтер еді, — деп, мені баурына басып, қыса түседі. Әкемнің:

— Қайт дейсің енді маған? — деген, қатқыл сөзінің аяғын естімestен, терең үйқыға кетемін.

Түсімде де құрсініп, көк дөненді іздейтін болуым керек, танатқанша шешемнің айналып-толғанып шығатыны еміс-еміс жадымда.

Меніңше, барлық балалардың естен кетпес есіл бейнесі осы қоштасулардан басталатын сияқты. Сәби жүрегіңе алғаш із салған, өзің жанынмен беріле жақсы қөрген дуниеңнен айрылу — кішкене қөніліңнің түкпірінде тұнған бір тамшы шықтай мөлдіреп қалады. Менің де есте жоқ ерте сәбілігімнен алғаш жадымда қалған қөріністер — қоштасудан, дәл сол көк дөненнен айрылған сәттен бастап сакталыпты. Құлынынан құлте жалын, жұп-жұмсақ ерінің алақаныммен аймалап өсіріп, тұңғыш рет өзім жүген салған көк дөненімді бір күні танертең ерте әкем жалбыз иісі аңқыған Қызылтасты бұлаққа қарай жетелеп бара жатты. Неге екенін білмеймін, әйтеуір, көкдөненді соңғы рет қоріп тұрғандай сезініп, сонынан жылай жүгірдім. Әкем ат үстінен еңкейіп келіп тізгінге жармасқан менің мандайымнан иіскеді де:

— Қызылтасты бұлақтан суарып қана келемін, үйге барағой — деді.

Сендім де, сенбедім де.

Сәске кезінде қүрен жорғаның беліне қиқая қонып, басын төмен салып келе жатқан әкемнің қанжығасындағы бос жүген

мен қыл шылбырды байқағанда көкдөненнен айрылғанымды білдім. Әкем менің әдетті тентектігіме басып, топырақта бажылдап аунай кетуімді күтті. Дөл бұл жолы олай істей алмадым. Белгісіз ыстық ауа кеудемді қыздырғандай күйге түсіп, үнсіз булығып кетіп, жол шетіне отыра кеттім. Әншайіндегі төгіле салатын жас та, ызақор ашу да жоқ. Бажылдап-шыжылдамай дыбыссыз, үнсіз де жылуға болатынын сонда тұнғыш сезіндім. Өзімнен үш жас үлкен әпкем келіп, мына қалпыма таңданып, кетіп қалды. Шөп сыйбырын естідім. Шешем басымнан сипап бауырына тартты, илікпедім. Қозғалсам – даусымнын шығары анық. Әкем де шыдамаған тәрізді, жүгенді беліне қыстырып алыпты. Қарамадым. Айғайға толы долы мінез күткен оларға менің үнсіз егілуімнің өзі де қатты батқан сияқты. Көкдөненнің тағдыры олардың қолында емес екендігін, өз еріктерінен тыс өзгеге беріп отырғандығын, екі-үш күннен бері бөгде адамдардың келіп, оны айналсоктай қарағанынан, онаша құбірлескендерінен-ақ сезгем. Көкдөненді көрсетуге қызғанып, оқшау терекке байлаپ, сылап-сипап қайтып келгенімде шешем төрде отырған кішкене адамға:

– Ей, Ақау, бастық дегенге елірме. Жалғыз үлдың тақымындағы тайды андисың ба, – деген сөзін естігенде-ақ етіме ине қадалғандай болғам.

Шешем үйге кірген мені көріп, тосылып қалды. Сонда-ақ көкдөненнің көзден бұлбұл ұшарын, оның билігі әкем түгіл, мынау шүйкедей Ақау бастықта да емес, одан да жоғары әлде-кімге байланысты екенін түсінгем. Сондықтан атамды да (мен кенжелеп барып, үш баласынан айрылған соң, қартайған шағында дүниеге келгендейтін, әкемді «ата» деп үйретті), тәтемді де кінәләмадым. Олардың да жанына батқанын өзімше үққанымның түрі бұл. Баланың бақырғанынан көрі үнсіз егілгенінің өзі ата-ана байғұсты қатты қинайтынын қайдан білейін. Мүмкін сонда дауыстап жылап, жерге аунақши кетсем өзім де көкдөненді үміттып кетерме едім, қайдам...

Әйтеуір, менің балалығым сол күннен басталды. Есейген шағымда да ол туралы әнгіме қозғалса атам қипактап, сөз арнасын басқа жаққа бұрып жіберетін.

Мен ол кезде көкдөненнің орнын толтырарлық басқа ермектің күтіп тұрғанын білгемін жоқ. Әдеттегідей, ерте тұрып сыртқа беттедім. Үйді айнала беріп, топ теректін бұтағына қосақтала байланған ерткымды аттарды көрдім. Бұрын назар салмаппын. Қазір олардың барлығы да маған сұлу, қаз мойын, омыраулы, қылқұйрық арғымақтай елестеді. Неге екені белгісіз, бүкіл Қаракемер өнірінде тек біздің қыстаудың қасын-

дағана бір топ сұлу терек өссетін. Топ теректің ортасындағы осы өнірдегі еңселі, ағаштан қыстырылған, тақтай еденді бұрынғы мектеп – қазір кенсе. Қадау-қадау қыстаулар шалғынды ойпатты жағалай салынған. Қысты құндері жан-жактан андызыдаған салт аттылар жіп ұшынан тартқан қара нокат түйіншектей осында жиналады. Аттарын қосақтап байлап қойып, ертелі-кеш жиналыс ашады да жатады. Ұзілісте жарқылдай күлісіп, біздін үйге беттейді. Әзілдесе шәй ішіп отырып аттарын есіне алып: «Ауыздығын тістеп қалды, жануарлар» – деп мені мақтай жөнелуі мүн екен, үйден атып шығып маяға барып, бір құшақ шөпті аттарының алдына саламын. Әзге қантарулы сөйгүліктер оқыранып, жер тарпып, шұрқырасып қалады. Әлгілердің ішінде кішкене бастық Ақау, мұғалім Камал, Тоқтарқан бар. Атам, әйтеір, бастық емес, бірақ осы ағаш үйге бір қатысы бары анық. Әйткені кешке кілтті атама тапсырып, таңертең атамнан алады. Кесілген ағаш отынды үйге мол түсіргендіктен де болса керек, от та жағып қояды.

Айнала қалың қар. Құн сұық. Сәске кезі. Тәтем «Мөшке» деп атаған қара ала сиыр маядағы көк шөпті қүйсей соғады. Сүті мол. Жылда ак бүйрек ерекк бұзау табады, ол қасиетінен жаңылып көрген емес. Қайран көк дөненімнің ақыры қаңырап түр. Ол жаққа қарағым да келмейді. Кенсенің алдындағы топ теректе қантарулы мына аттарды қарашы. Оларға қызыққаным соншалық, әрқайсысының қасына барып, құлақ түбін, сауырын сипап, сүйрік басты орыс ер-тұрманына сүзіліп, олармен өзімше сөйлестім. Ақаудың қасқа аты мені танып, оқыранып жіберді. Бұл жолы оған бүйірім бүрмады. Әзін жек көріп те қалған сияқтымын. Қашанғы мылқау жануармен күбірлеп сөйлесе бересің. Енді олардың сыртқы түркін салыстырып, ішінен өзіме таныс ұш атты таңдал алдым да, маяның үстіне шығып алып оларды ойша жарыстырым. Ақау қасқа қайтакайта сүзіле алға шыға берді. Одан да жалығып, енді тебістірем: өзім жек көретін Нұракынның қарасы жымырандал, шынғырып, түштандай қалады. Шіркін, Тоқтарқаннның жорғасын айтсаншы. Басын екі жаққа кезек шайқап, тайпалады-ай кеп. Эрине, біздін күрен жорғага жететін жорға бұл өнірде жоқ. Желу, шабу дегенді білмейді. Тек картайып, жүрісі кірдек тартты. Құнде кешке көк шөптің үгітілген гүлдерімен қоқымын атам етегіне салып, күрен жорғаның ақырына үйіп қояды. Күрек тісіғана қалған. Сондыктан да кепкен шөпті жей алмайды. Өз киялыммен өзім жарысып жүріп, маяның үстінде асыр салып ойнай жөнелдім. Міне, Ақау қасқаның шабысы. Дігідік... Дігідік. Др... Тоқта. Ақау сияқты тізгінді тартып қалып, тік

секіремін. Жиналыстан іші пысып шыққан адамдардың дауысына салып:

- Ал, Тасбұлаққа дейін тізгінің тартпаймыз.
- Эй, Нұракын, сен ана шетке тұр. Қыршанқы немен жыныраңдап тыныштық берер емес.
- Хасен, кейіндеу...
- Кеттік, — деп тасырлата шабамын.

Кейде қарға омбылап жығылған сүлік қара есіме түсіп, бір жағыма құлай кетемін. Әбден шаршаған соң, енді жорғалыққа ауысамын. Әрине, Тоқтарқанның торысының жүрісіне салам. Рахаттана шалқая тізгінің тартып, үйді айнала «тайпаламын», тоқтағанда да маяны орап барып тоқтаймын. Екі аяғымды тайпалта кимылдатсам да өзіміздің күренге жете алмайтынын біліп, енді атамның күрең жорғасының жүрісіне көшем. Оның сыры өзіме мәлім, басын қатты тарта ұстаймын. Бүйірі қызған сайын мойнын жерге тақай созып, жер бауырласа бітті, қайта тоқтата алмайсын. Есік алдына кеп бір-ақ аялдайды. Жүрісі де сондай қатты. Биыл аяғы шалына беретінді шығарған. Әнеу күні алдыңғы тұяғын шауып та алды. Қурентөбелдің зіркілі өзіме де ұнамады. Оны тоқтату үшін «тұяғымды шапкан» болып, зулап келе жатып өз тобығымды өзім оң аяғыммен қағып жібергенде екпетімнен сүзіле құладым. Қатты жығылдым. Жанға бататының ескермесем керек. Ауырсынып, аттан құлаған адамдай тыжырына жүре беріп, отыра кеттім. Тізем бастырымайды. Ішімнен күрен төбелді атам іспетті:

— Үй, карталатқыр кәрі ит. Сінірің созылғанша керіліп, одан да ана тісіне карасаңшы, — деп, ұрып аламын да, — Жә, жұлдыздай ағатын заманың өтті. Алдыңа бейге аттың да түсkenін қызғанатын кезің келмеске кетті, күренім. Мен де қартайдым. Енді ептеп жүрмесек болмайды. Әрине, сен түгіл мен де қызып кетем. Кел, кане, ауыздықтап кояйын, әйтпесе сен қакбас тағы да есқі әніне басарсың, — деп, күренінің жалын сипаған болып, белімдегі көкденененнің жүгенін басыма киіп, ауыздығын тістеп алғанымды байқамай-ақ қалдым.

Аяз буып, тотыққан сұық темір ауыздық екі езуім мен тілімді қарып, жабысты да қалды. Сәл кимылдасам тілімнің терісін сыйдырып түсері анық. Қозғалуға да, сөйлеуге де шамам келмей, булыға тұншықтым. Ойынымның осылғанын, мына ауыздық темір жылып, тілден ажырағанша кимылдатпасын білемін. Аязды құндері аттар неге ауыздығын салдырмайтыны, салсаң да тіліне жолатпай, неге тістеніп тұратыны да ептеп ойыма оралды. Шөпке арқамды тіреп отыра бердім. Қас қылған-

дай кенседегілердің де үзіліске шыға қалуын қарашы. Дабырласып, құлісіп, темекі шегісіп, қызу әңгімеге қөшті. Мен жаққа қарап бір-бірін тұртіп, өзара қалжындаған да қояды. Үш-төртеуі біздің үйге беттеді. Қасымнан өте бере Токтарқан жорта дауысын көтеріп:

— Оу, мұна Кербаланың ұлы нағыз азамат. Қазір біздің аттарды қосақтап сұатқа апарады, содан кейін ақырға шөп салады. Ақау, сенбесең өзін қарашы. Хадиша женгемнің шәйін ішкенше бәрін дайындауды, — деді құліп. Одан Хасен де қалыспады:

— Ой, бұл қазір өуелі ат болып аунайды. Содан соң бұқа болып өкіреді, — деді Ақауға қарап көзін қысып қойып, — Эне, өзі де жүгенделіп, дайын тұр.

Тек аласа бойлы Ақау ғана бұрынғыдан маған қутындаған карамай, көзін жерден алмай, әлде неге қысылғандай бол қасымнан өте берді. Оның:

— Шынында да, бір дөненде тұрған ештене жок еді. Неғып соған жабысып қалды. Қарашы, бала да өзгерген. Бұрынғы тентек, есер бала емес. Осы бітпейтін жинальстар жүнін жығылып шыққанда бұл ұлды қарға аунаттырып, кісінетіп, бұқаша өкіртіп, жадырап қалушы ек, — деп журе айтқан өкінішті сөздерін естігендеге оған ішім жылып сала берді.

Бағана «Ақау қасқаға» шөп салмағаныма ұялдым. Тіпті бұрынғы барлық ренішімді ұмытып, ескі өдетьіме басып ат бол кісінеп те, өгіздей өкіріп те, бұқа бол күл шашып, жерге аунап та берер ем, қайтейін, сұық ауыздық аузыма жабысып, карып барады. Көзімे жас үйріліп, кемсендеген сайын жанымды шығарады. Айта да алмайсың. Менің мұнау мұсөпір күйімді «Ақау қасқа» бол жүгенді бос салып, терек түбінде байланған аттың орнында сағат бойы тапжылмай тұратын «әдетьіме» сайды олар. Адамдар аттарына мініп топ-тобымен бөлініп, таяу мандағы қыстауларға беттеді. Эрине, бәрі біздің үйге симайды. Әйтпесе...

Менің атам бір сағаттан соң қызыл жалауды маңдайшага желбірете ілген соң ғана олар әр тұстан андыздаған қайта оралады. Бәрі де тұстікке асығыс аттанды. Қызыл жалау олар үшін: «Тез келіндер!» деген белгі. Ол ілінсе-ак болды, әр жақтан аттылар кенсеге лезде жинала қалады. Мыналар жалау көтерілгенше тұстеніп үлгеруі керек. Апырмау, енді ешкім де маған қарамай ма? Сәлден соң қарасүр өнді, ұзын бойлы, сиректай Нұрақын маңғаз басып қасымнан өтті. Неге екенін білмеймін, өйтейір осы екеуміз бір-бірімізben өшпіз. Реті келсе ол да, мен де аямаймын. Кейде атының шылбырын шешіп, тізгінің қаңтарып қоямын, не шылбырын қыып, далаға жіберіп,

жаяу қалдырамын. «Болашақ жездे» тек тәтемнен ғана сескенді. Өзінің ашуы қатты. Оңашада ол да мені ондырмайды. Негіп тыныш отыр – деді ме, маған ұзак қарап, көзіме тұнған жасты, ауыздықтың қарығанын көріп, арқасын жаза рахаттана күлді. Жүріп барып тағы бұрылып, қабағын түйе, шекір еле қарады да, қасақана кібіртікей басып, үйге кірді. Іле есік шалқасынан ашылып арсы-күсі шығып шешем жүгіре ойбайлап келеді. Соңынан қолында су толы шелегі бар Ақау мен Камал ілесті. Нұракын есік алдында қалтасына қолын салып, менің жылағанымды айызы қана тыңдамақ. Оған ерегескенде тістеніп, дыбыс шығармаға бекіндім. Шешем келе құшақтап, аймалап жүр. Қозғаганы жаныма батады. Ақау тәтемді ысырып, ыстық су құйған шелекті алдымға тосты:

– Көне, айналайын, мына суга бетінді батыр. Ауыздықтың аязын ерітеді. Кел. Жаңа қалай байқамадық, қара басып. Ұяттың үстіне ұят жамадық-ау, – деді дегбірі қашып.

Жып-жылы су бетімі тиді. Сөлден соң ауыздықтың аязы еріп, қыраулы құрсауын ашты. Жүгенді тәтем жұлып алды да лактырып жіберді. Екі езуім, тілімнің ортасы қып-қызыл, аязды ауыздық қарып түсіп, сыйдырылып қалыпты. Аймалай құшағына басып үйге қарай алып үшты. Қап-қара боп құжірейген Нұракын ғана есік алдында мелшиіп тұр. Ыза кернеп, қасынан өте бергенде аяғымен қарнынан теуіп жібердім. Үңк ете қалды. Оны өзі ғана жөне мен білдім. Құрап үшқан қонақтар жанынан шықпайды. Тәтем іле ширап, шай жасады. Ақау қипактап, тәменшіктей:

– Осының бөрі көкдөненнің киялыш-ақ шығар, – дей бергенде тәтем:

– Ей, Ақау, күмілжіме, қаудырлағаннан өзге жазығың не? Шайыңды қақалып-шашалмай еркін іш. Сырты түк жануар түгіл адамды да кидық кой бір кезде, – деп тиып тастап, акжарқын қалпына көшті.

Шешем – өрі шайпау, өрі ақкөңіл адам. Тез тұтанып, тез сөнеді. Мінезіне қанық Камал өзіл қосып, дастарханды жадыратып, өң кіргізді. Тек Ақаудың бағанағы сөзін есіме алып, осынау шүйкедей кішкене адамды одан да жақсы көре түстім...

Ақау бастық,  
Көргенде, әбден састьқ.  
Жамылғаны жарғақ тон,  
Керек емес көрпе, жастьқ, –

деп мазақтайтыным ойыма оралғанда бетім қызырып, іштей жасып қалдым.

Мейірімді екенін қардаң білейін. Енді, міне, сол үшін ұялу-

дың реті келіп-ақ түр. Тілімнің таңдайыма тигізбей ашығаны да, екі езуімнің дызылдағаны да сол сөтте ұмытылды.

## 2

Қыстың қысқа күні екіндіге ауып бара жатты. Кеңсенің мандашасында қызыл жалау желбіреп түр. Ойпатты шашырай қоныстанған қыстаулардан андыздай шыққан салт аттылар жекелеп, топталып, асыға желдіртіп кеп лезде жиналды. Көліктерін шок терекке қосактай қаңтарып, ішке кіріп кетті. Олардың аса маңызды мәселеге, осы өнірде бұрын болмаған үлкен іске кіріскелі жатқанын бағана Ақау, Тоқтарқан, Камалдардың сөзінен аңғарғамын. Ағыны қатты Тасты өзенін бөгеп, тоған қазбақшы екен.

Шешем қатық қосып, жылытпалап берген сорпаны ішіп, сыртқа шығып, үйірлген сәйгүліктерге көз қырымды салдым. Маяның көк шөбін еркін қүйсеген қарала сиырдың дінкесі қата шөлдеп түр екен, мені көргенде шарбактан басын асыра созып мөніреп жіберді. Ақбүйрек тайынша да дуалға мойнын егеп, жетіле қоймаған сүйем мүйізімен қабырганы сүзіп қояды. Жорға да қаталап, күрен төбел окыранып-ақ жіберді.

Бұларды Тастыбылақтағы суатқа апару – менің сүйікті көсібім. Бұрын ең алдымен мұздың ойығынан көк дөненді суаратының, сонынан итініп келген үшеуін қамшымен тартып жіберетінмін. Олар да бұл тәртіпке әбден көндіккендіктен де еріксіз мойынсынатын. Суық су бойын тоңдыра ма білмеймін, өйтепеір, міндettі түрле сілкініп алатын, мен оның үдірейген жұндерін сипап, шоқтығын түзеймін. Содан кейін жылқылық «мінезінің» сесін танытып қүрентөбел қарға екі-үш аунап, тағы да сілкініп, содан кейін не жынының қозатынын білмеймін, көс құлағын жымырып, үйге қарай зулай жорғалайтын. Кейде мойнын ішіне салып, өзінен өзі артқы аяғын қөтеріп тебінетін. Мен болсам көкдөненді жайтандата аяңдатып күннің кешкі шапағына боялып, ысқыра әндептің қойып қайтатынын.

Енді, міне, оның барлығы қиялға айналды. Тағдырдың салғанына көнбек лазым. Салым суға кетіп, мойнымды салбыратып, пейілсіз кимылмен шарбактың есігін аштым. Ақбүйрек тайынша қүйрығын қөтеріп, мені қаға-маға одырандап атып шықты. «Мөшке» тұғыры сыртылдап, керіліп-созылып, асықпай аяңдады. Қүрентөбел болса ешқайда бұрылмай бірден суатқа тартты. Оның үстіне, шылбырынан тартуға менің шамамның келмейтінін біледі. Мұзы ойылған бастаудың бетіндегі қақпағын ашып, жиегіндегі мұзды сәл шаптым. Қақпақты жаппасан

қар басып, көзі бітеліп қалады. Ал, оны қайта ойып көр. Күрентөбел: «Жетер!» – дегендей шылбырды жұлқып тартып қалды да, суатка тізерлей бас қойды. Енді менен биліктің кеткенін біліп, тізгінді сағалдырығына мықтап байладым. Аузын ашып есінеді, біраз тұрып тағы екі-үш ұрттап, сілкінді. Содан кейін ана екеуіне рұхсат бергендей басын щұлғып, шетке шыкты да, аунады. Иле тыржындағы қасынып, тебініп қалып, үгеге қарай шаба жөнелді. Тұмысы шабыс білмейтін жануардың жеке дара бәйгесі де тұрқына жараспайтын. Тағана жабысқан қарды соңына емес, жанына шашып, тайран қағып барады. Оның осы әдетіне танданамын, не сәні екен ол, түсінбеймін.

Кара ала сиыр – «мөшке» десең мөшке. Әсілі, сүтінің молдығы да осы суды асықпай көп ішкендігінен шығар. Өзі тіпті сиыр баласына ұқсан шыбжындауды да білмейді. Атам: «Текті тұқым, сүтінің маңызы бар» – дейді, ол рас та сиякты. Төрт аяғын созып шірене бергенде қамшымен жасқап, жолдың шетіне салдым. Қанша ақылды болса да – жылқы емес, айыр тұяқ сиыр. Бастаудың басына тазалық керек екенін үқпайды. Қоқтемде қар ерігенде өзі шөл қандыратын тұманың түсі бұзылатынын кайдан үқсын. Ақбүйрек тайынша мен қасына тақағанда суаттан тайғанақтай атып шығып, тасырандай қалды. Қамшының оған қатты тиетінін өзім де сезем.

Қыскы күн де жер бауырлап, қызыл нұр шаша бастады. Қыстай жаққа қарадым.

Жиналыс біткен-ау шамасы, жұрт тарқай бастапты. Жалғыз атты адам бері беттеді де, күрентөбелді көріп кері бұрылды. Әйткені көрі күрен жорға жалғыз аяқты жолды ешкімге босатпайды. Қарсы келгенде ат-матымен қағып өтіп, сол аққан бетімен қораға барып бір-ак тоқтайды. Жолаушы Нұрақын екен. Суаттың оң жағында Бағдылданың үйі бар. Онда оңаша бөлмеде орамалға кесте өрнектеп отырған Торғын бір сөт көз алдымға елестеп кетті. Ол бізге туыс. Ең жақын қыстай да солардікі. Зеріккенде ертегі-кеш сонда барып, Балтабаймен ойнаймын. Алайда қанша қызыққа батсам да Торғынды көрмесем көңілім құлазып қалатын. Тап-таза, жинақы бөлмеге мен үнемі ол оңаша қалғанда барғым келеді. Есікке ұстаған пүліш пердені ақырын ашып, басымды қылтитсам болды... жұмсақ жымиып, тоқыған шілтерін сырғып қояды да, қолын созады. Жүгіріп барып тізесіне құлай кетемін. Биязы, сүйріктей саусактарымен тікірейген шашымды сипап, бетімнен сүйеді. Ол сөт мен үшін дүниенің ең бақытты шағы. Ажарлы жүзіне ұрлана қараймын. Әлдебір мұн бардай. Сондай күндердің бірінде Ақберте бәйбіше кіріп келіп:

— Саған не жоқ, ей, жетпегір. Шық, кәне,— дегенде Торғын мені баурына баса түсіп:

— Жетті, шеше. Енді осы қаршадай ұлды да көп көремісің маган. Жаның неге ашымайды. Әйтеуір, Хадиша мен Кербала-ның ақ көнілін аттап-ақ біттіндер. Сәби болса да сендерден гөрі адам, мені түсінеді. Айтқанымды істесін десен — бөгеме. Еркін кірсін. Жалтақтатып жолатпайсындар. Қаласам Хасенге өзім-ак жолығамын, — деді.

Ақбөрте бәйбіше сипақтай-сипақтай жылыстап есікті сыртынан жапты. Неге екенін қайдам, Торғын маган:

— Түсінбейсін ғой, жаным. Ержетерсін. Сонда үғарсың. Бұрынғы арсаландақ келіп, асыла кететін кезді аңсайсың-ау. Ол күн өшкен. Енді апайың жиі жыласа ренжіме, — деді де кейлекінің омырауына қолын ұяла салып, әдемі өрнекті орамалды маган берді. — Сенен басқа кімге сенем. Мына орамалды Хасен ағаңа берші. Тіпті, біздің үйдің балалары да білмесін. Шешем қорқытып айтқызады оларға, — деп қалтама салды.

Есіктен шыға бергенімде Нұракын жолықты. Жібек орамалдың шеті шығып тұрғанын ол қолын соза бергенде байқадым.

— Әкел андағыны, кімге апарасын?

Қанша қарсылас сам да қарулы қолымен кусырып ап, саусағынын ұшы орамалға тигенде, жандәрмен енкейіп, қолын қыршып алдым да, тас қып жабыстым, орамалды ол да, мен де жібермедім. Тек Ақбөрте үйге кіріп келгенде ғана мені босатты. Міне, болашақ жездеммен «жаулығым» осылай басталған. Тауда қарағай кесетін, үсті-басы шайыр исі аңқитын жас жігіт Хасен ағам келгенде орамалды соған бердім. Жібек орамал. Шеті шілтері, жазуы бар. Ол, маҳоркасын қалындана орап, бұрқырата шылым тартып, құрсініп қана қойды.

Сол күні түн жамылып кайтадан тауға қайтты. Содан бері хабарсыз, ойға да түспеді. Тек маган арнап ішіне сым ішек тартқан домбыраны Стамболдың ұлы Бекеннен беріп жіберіпті. Мен ол кезде — Хасен, Торғын үшеумізді аяулы бір нәзік сезім бір жіптің бойына түйіншек етіп байлағанын сезбеген де шығармын. Анығы, Нұракынды мен де жек көре бастагам.

Ойнақши тайпандаған күрен төбел қыстауға жеткенде Нұракын да жолға шықты. Оның Торғынның қасында қаратастай қатып отыратынын елестеткендеге тұла бойымды ыза кернеді. Қалай бөгесем екен жолын? Жалт қарасам ақбүйрек құйрыған шошайтып, бастаудың басын былғап үлгіріпті. Бар кегім сонда кеткендей, тайыншаны қамшымен осып жіберіп, айыр түккіті немені алдыма салып өңкендете кудым. Жол айырығына Нұра-

кыннан бұрын жетіп, қалай да тосқауыл қою. Аты жолдан шығып, омбылап қалса деймін. Бар ойым сол. Ақбүйректің құйрығынан шап беріп ұстап, сырғанай жөнелдім. Қайқандаса камшымен осамын. Жабысқан бәледен құтылғысы келгендей енесіне – Мәшкеге жанасалайды. Ол, басын шайқап: «Қайда баrasың, жол жоқ, тек жұр» – дегендег мүйізімен кейін жасқайды. Ойымды Нұрақын да сезді. Бейне құйме шананың божысын ұстағандай ақбүйректің құйрығын шірене тартып:

– Шу... Но... – деп айғайлап, ыскырып қоямын, іштей мынау қызыққа өзім де мәзбін.

Кар қалың. Жол айрығына жетпей Нұрақынмен бетпе-бет келіп қалдық. Жақындаған сайын жүгіре сырғанап, ала сиырды да, бұзауды да осып-осып жіберем. Қайқандай жазылып, көзі аларып, жалтақтай бастағанда тағы да остым. Жұзі қабарып, тұнерген Нұрақынның көзі мені жеп барады. Көз қызығыммен Бағдылданың ауылы жаққа қарасам, есік алдында шәлісін тартқан Торғын тұр екен. Кеуделесе келгенде сиырды қамшымен тағы да тартып қап ем, Нұрақынды қара-маға өңкендей өте шыққанда, ат тайғанақтай барып, омбы қарға гүмп ете тұсті. Жаны қысылған ақбүйрек он жаққа секіріп, қарға асылды да калды. Сол кезде Торғынды байқаған Нұрақын атының тізгінін лактырып жіберіп маған ұмтылды:

– Эдейі істедің ғой, ә! Қазір сені қарға тұншықтырып өлтірейін, бәлем!...

Әлеуетті ер жігіт лезде еңсеріп, қол-аяғымды шылбырмен байлап тастанап, ентіге құрпі қарға отырды. Көзін Торғын жаққа салды. Тұншықтыра алмайды... Қабарған беті тыжырынып, жиырыла бере қарға төрттабандап асылып қалған бойы ақбүйректі көріп, жазылып сала берді. Атының ұзын қыл шылбырын шешіп, мені көтерген бойы тайыншаға мінгізді. Алғашқыда пысылдай үріксе де, өзінен қайран кеткенін ақбүйрек те түсінді. Мені тайыншаға мінгізді де, шылбырды тайыншаның бауырынан өткізіп, екі аяғымды байлап, шап айылданап тартып тастанады. Содан соң атына мінді де менімен қосақабаттап тайыншаны қамшымен тартып-тартып жіберді. Тұяғы тапталған қарға іліккен ақбүйрек бұрлығып жүріп жолға тұсті-ау, әйтеуір. Нұрақын ызалы кекесінмен:

– Дымынды шығарма, шешене. Жәй, жезделік қой,— деп, тісін ақситты.

Оның осылай істерін істеп алып, ішінен коркып та тұрганын білемін. Егер еніреп тәтеме барсам, қазір-ақ Бағдылданың үйінде, Торғын мен Ақбөртенің көзінше шаңын тулақша қағып, сіміртері анық. Нұрақынға менсіз де қырын қарайды.

Оның үстіне, Қаракемерге аты шыққан «тентек Жарас» деген атым бар. Ауылдың итіне шейін менен ығып, «кішірейіп» тұрады. Өзге түгіл қайынатасына да: «Осы қазак тыныш отырмай ма, сандалмай. Біреудің жалғызы көзіне шоқ түсірді ме» – дейтін шешемнің көқдауылының арқасында қол жеткен еркін міnez, бейпіл ауыздық та бар менде. Соған ерегесін:

– Жұмсақ ауыз Мәжен әкеңнің көріне көрістірем, әлі, – дедім нығыздал.

Бұл – менің әбден етім өлген, үлкендерден «тәлімінен» жүққан «сыбағалы» сөздерім. Құрдас шалдар қызық үшін мені шақырып алып біріне-бірін сыйбататын. Мен олардың құлгеніне мәзбін. Сондай өнерді Нұрақынның әкесі, ауқатты адам Мәжен де көрген. Тұк тісі жок, талқан шайнағанда аузы мұрнына былп-былп тиғеніне қарап «жұмсақ ауыз» атанып кеткен. Нұрақын тіксініп қалып, атының басын бұрып әкетті. Арқам шым-шым тызылдайды. Ақбүйрек өуелінде мөнкіп, шәт-шәлекейі шықса да, етігімнің тұмсығын тақыр колтығына қысып алған менен құтыла алмады. Біраздан соң ақбүйрек жұлқынғанын қойды. Енді қос бүйірден өзім тепкіледім. Жанағы көрген зәбірімді тез ұмытып, көңілім де сергіп қалды. Ақбүйрек маяның қасына бүйірін соға токтады. Мені күтіп тұрган атам бастапқыда таң қалса да, мәз-мәйрам өнімді байқап, құліп жіберді.

– Эй, құлыным-ай сол, ойына келмейтіні болсаши,— деп, аяғымды шешті.

Құтылғанына қуанған ақбүйрек тайынша торсандал енесінің қасына барып, мұнын шаққандай мөніреп жіберді.

Бұл күн сөтті-сөтсіз қызықтарына қарамастан, ол өз өмірімнің еркін өзім билеген, кішкентай әлемімнің есітін алғаш рет ашқан сиқырлы мезеті болды. Қыстың аязды қызыл ініріндегі сол оқиғалар менің өмірімнің кішірейтілген көрінісіндей еді. Оны мен кейін ақыл-оýым тоқтаған шақта бір-ақ анғардым.

Тұнбасы терең тұнық қара судың түбі сияқты кошқыл көк аспандағы жұлдыздар өшіп-жанып, қыстың аязды тұнінде мөлдіреп тұрды. Менің де жүргімеж жұлдыз конып, алақаныммен сол жақ кеудемді сипап қойып, көк шәптің иісі анқыған сүйк аязды құмарта жүттім.

Алыста Бағдылда қыстауының оты талып жетеді.

## II тарау: «АРМЫСЫҢ АҚБҮЙРЕГІМ – АРҒЫМАҒЫМ»

1

Менің ол кездегі дүние туралы ұғымым онша аялы емес болатын. Ол төнірегін көк жиек көмкерілген сол шағын ойпаттың тіршілігімен ғана шектелетін. Танертең сергек ояндым. Әйнектей мөлдір аспаннан төгілген құміс сәулелер жүрекке қуаныш нұрын құяды. Мая жаққа беттей бергенде мынау көз алдымағы ғажап көрініске таң қалдым. Бұрын мұндай шеруді көрген де емеспін.

Кенсенің алдында қызыл жалауды желбірете ұстаған аттылар шоктала қалты. Кілең бозбалалар. Қысқы шыңылтыр ауаны тербеген ән сазы да естіледі. Жігіттер көнілді. Әсіресе, жылқышы Ахметсапаның ұлы Оразхан мінген сәйгүлік жұтынып, кекіліндегі үкісі шокталып, сұзілген қүйрығы қызықтырып, көзіме оттай басылды. «Ақау қасқа» оның қасында жабыдай жиіркендіреді. Мынау көнілді топтың сәні мысымды басып, оларға ерекше бір қызғанышпен қарадым.

Жанарайма қызғаныш шығы үйріліп, кішкене жұдырығым түйіле берді. Көкдененнің жоқтығының қатты батқаны осы. Аттардың басы түйіскенде оқырана кісінесіп, тебісіп қалады. Тау жақтан жылқышының ұлы сымбатты сәйгүлігімен келіп топты айналып өтті де, өзгелермен күле амандасты. Кенет бүкіл ауа дүр сілкініп, жігерлі әнге ұласты. Ән сазын естігенде көз алдыма жылқышының үйірімен сыландаған сәйгүліктер елестеді. Қызыл тұлкі тұмсағын шекесіне киген Оразхан топты ойқастай көлденендереп, камшысын шошайтып:

Күлтеленген жалы бар,  
Желден жүйрік жануар.  
Сені баққан адамның,  
Еңбегінің бағы бар, –

дегенде әуен сазына елігіп, енді қызыға қарадым.

Мен де тұсіме жиі кіретін акбоз атқа мініп, жалын желкілдетіп, алтын тағасын жалтыратып, мынау топқа қосыла ән шырқағым келді. «Күлтеленген жалы бар...». Ән сазына елігіп, іштей кайталай жүріп, өзімнің акбүйрек тайыншамның қасына жетіп барғанымды сезбедім. Қарағай кесушілер де келді. Алдыңғы қатарда жирен атқа мінген Хасенде де көрдім. Хасен домбырасын шертіп келеді. Іштей ол үшін мактандып қалдым. Оразхан екеуі топтан бөліне біріне-бірі қарсы жүріп, ат

ұстінде күшактаса амандасқаның көргенде, тіпті, жаным жадырап, жәй тапты. Екеуі де менің ет бауыр ағайым ғой. Мынау қалың аттының ішіндегі серілері де, сымбаттылары да сол екеуі... Иле Нұрақын жетіп келгенде, әдемі суреттің қасына жұғымсыз бояу жаққандай тыжырына қалдым. Барлығы әр үйірдің жылқысы емес пе: іле кісінескен, оқыранысқан, тебіскен аттардың дауысы онсыз да шашырай бастаған өн өуенін басып кетті.

Жаным қызып, атқа мінсем деген желік бойымды буып барады. Көзі шатынай шыққан акбүйректің тұқыл мүйізінен шап беріп ұстай алдым. Оқыс кимылдан шошынған тайынша басын сілки ала қашты. Кілт бұрылғанда ұшып кеттім. Айыр тұяғымен сирағымды жанша таптап, ойнақтап шыға берді.

Енді мені ыза кернеп, ерегісі түстім. Балтырымды укалай, қиқандай көтеріліп, тағы да ақбүйрекке беттедім. Бір пәлені сезгендей шарбақты шыр айланған қашты. Құйрығын көтеріп алып, оқыран қағады. Бір кезде жаны тыным таппай, шарбақтан секіргенде асылды да қалды. Қасына тақаған сайын өне бойы дірілдеп, сан еті жыбырлайды. Мүйізінен ұстап, мойнын қайырдым да, жүгенді кигіздім. Тілін салаң еткізгенде ауыздықты сала қойдым. Енді шарбақтан итере шығарып, діңгекке тас қып байлап, қөкдененнің ертоқымын өкелдім. Жалғыз ғана тоқымы бар, кішкене қалақбас ер. Үстіне ерді шап еткізгенде өкіріп қалды. Ала сиыр баяу бұрыла қарап, менің кимылымға өзі де таңданып, жылқыға жабатын жабулардың бұның бұзауына қандай қатысы барын түсінбей басын шайқап: «Өздерін біліндер» — дегендегі бұрылып кетті. Шап айылын қатты тартып, шылбырын шешіп алдым.

Озі аласа болса да тайыншаға мінудің осынша қыын екенін кім білген. Жылқы қанша ала қашса да аяғын — үзенгіге, қолың — жалына ілінген соң бітті, ертоқымға қаршығадай қона қаласың. Не жалы жок, не басбілгі емес тарпаң тайынша қозғалсан-ақ болды тасырандай шабады. Бұрыш-бұрышқа соғып итсілемді шығарды. Әзер дегенде, өкпем өшіп жүріп міндім-ау. Үзенгіге аяғымды салып, тебініп қап ем, орнынан атып кеткенде ұшып түстім. Аттан жығылмаған басым, қатты қорландым. Әбден ерегескен мен, қалай да ақбүйректі өзіме мойынсындырмай тынбауға бекіндім. Бір жығылып, бір мініп жүріп екеуміз де шаршадық. Екі езуі қызарып, деділген танауының, буы бұрқырай пысылдап ақбүйрек тұр. Бұрынғыдай торсандамайды, көндігіп, илігіп-ақ қалды. Міндім де, екі қолтығының астына етігімнің тұмсығын тығып қамшылап жібердім. Алғашқыда шайқақтап илікпеген ол бара-бара еркіме көніп, шарбак кора-